

**Тексерілді:**

Маңғыстау облысы білім  
басқармасының Ақтау қаласы  
бойынша білім бөлімінің  
№61 «Сұлтан» бөбекжайы  
ЖБҚ МКҚК – ның әдіскері  
Жұлдызбаева А.Ә \_\_\_\_\_

***№9 «Күншуақ» мектепалды даярлық тобының  
«Біз мектепке барамыз!» атты қорытынды  
ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің  
конспектісі.***

**Тәрбиеші: Зейноллаева Г. З**

2023-2024 оқу жылы

**Тақырыбы:** «Біз мектепке барамыз!»

**Мақсаты:** Балаларға жыл бойы өтілген оқу іс-әрекеттеріне байланысты тапсырмаларды бере отырып, білім-білік дағдыларын сараптау. Ойындар арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. Сандарды санау, салыстыру, есептерді шығару туралы білімдерін бекіту, ойлау қабілеттерін, қиялын, есте сақтау, түсіну, сұрақтарға толық жауап беру дағдысын қалыптастыру. Балалардың білімге деген қызығушылығын арттыру, бірлікке, татулыққа тәрбиелеу.

**Әдіс-тәсілдері:** «Көзілдірік», «Асық технологиясы», «Тас технологиясы», «Көңіл-күй».

**Көрнекілігі:** көзілдірік, асық, тас, дидактикалық ойындар, үлестірмелі құралдар, АКТ.

**Шаттық шеңбері:**

Жарқын, жарқын үніміз,

Болашақтың күніміз.

«Сұлтан» атты балабақша үйінің,

Жайнап тұрған гүліміз.

- Сәлеметсіздер ме, қонақтар, қош келдіңіздер!

- Сәлеметсіздер ме, балалар! Көңіл күйлеріңіз қалай?

- Жақсы.

- Ендеше бүгінгі оқу іс-әрекетімізді бастайық. Бүгінгі тақырыбымыз «Біз мектепке барамыз» деп аталады. Балалар біз мектепке бару үшін не істеуіміз керек?

- Білімімізді шыңдап, есептерді шығарып, сөздерді оқи алуымыз керек.

- Дұрыс айтасыңдар. Қазір мен сіздерге қолымдағы *допты лақьырып* сұрақтар қоямын, сіздер қағып алып жауап бересіздер.

- Дыбыс дегеніміз не?

- Дыбысты естиміз, айтамыз.

- Дыбыс нешеге бөлінеді?

- Дыбыс екіге бөлінеді: дауысты және дауыссыз.

- Әріп дегеніміз не?

- Әріпті көреміз, жазамыз және оқимыз.

- Дыбыстан не пайда болады?

- Дыбыстан сөз пайда болады.

- Сөзден не пайда болады?

Сөзден буын пайда болады.

- «Алма» сөзін буынға бөлші!

- Ал-ма.

- Өте жақсы, ал осы сөздерден не құрауға болады?

- Сөйлем құрауға болады.

- Жарайсыңдар балалар, ал енді орнымызға жайғасайық.

- Балалар, интербелсенді тақтаға назар аударайық, бұл жерде бізге кітаптар берілген екен. Осы кітаптардың ішінде түрлі-түрлі тапсырмалар жасырылған. Сіздер оларды орындауға дайынсыздар ма?

- Иә, дайынбыз.

- Олай болса бірінші кітапты ашайық!

**«Көзілдірік» әдісі** - балалар көзілдірікті алып, тақтадағы сөздерді кезек-кезек оқиды.

Одан соң арасынан бір сөзді алып дыбыстық талдау жасайды.

- Жарайсыңдар балалар, сөздерді керемет оқиды екенсіңдер. Ал енді келесі кітапты ашайық!

- Келесі тапсырмамыз тақтаға маркер арқылы сөздер жазу. Жазылған сөздерді дауысты және дауыссыз әріптерді асықтармен белгілейміз.

### **Сергіту сәті:**

Балалар мен сіздерге әріптерді айтамын, ал сздер сол әріпке байланысты қимыл жасайсыңдар.

А дегенде – айналасыңдар

Т дегенде – аяқтарыңды тоқылдатасыңдар

Ш дегенде – қолдарыңды шапалақтайсыңдар

О дегенде – отырасыңдар.

Балалар сіздерге жаттығу ұнады ма? Ендеше тапсырмаларды әрі қарай жалғастыру үшін келесі кітапті ашайық!

«Тас» технологиясы - балаларға жеке-жеке есеп беріледі, сол есептің жауабын таста тұрған санды орналастыра отырып, шешуін шығарады.

- Өте керемет! Тағы да есеп шығарғыларыңыз келе ме? Ендеше келесі кітапты ашайық!

- Келесі тапсырмамыз логикалық есептер екен.

1. Қабырғаның қасында бөшкелер тұр,

Әр бөшкеде бір бақа жүр.

Бес бөшке болған кезде,

Неше бақа болушы еді? (5)

2. Жылқыда бар төрт аяқ,

Сиырда бар төрт аяқ.

Екеуін қосып санасак,

Болады сонда қанша аяқ? (8)

3. Саябақтың ішінде 6 орындық тұр. Оның екеуін бояп қойды. Саябақта қанша орындық бар? (6)

4. Тауық шықты серуенге,

Екі балапан алдында,

Екеуі жүр артында,

Үш балапан жанында.

Барлығы болды қанша? (7)

- Олай болса соңғы кітабымызды ашайық!

### **Қорытынды:**

«Көңіл-күй» әдісі – балаларға смайлик беріледі. Ұнаса, көңілді болып тұрса – күліп тұрған, ал ұнамаса – көңілсіз болып тұрған смайликті көрсетеді.

### **Сұрақ-жауап:**

- Балалар, бүгін қандай тапсырмаларды орындадық?

- Жарайсыңдар, сендер өте ақылды, білімді, алғыр балалар екенсіңдер.

- Ал енді келген қонақтармен қоштасайық.

- Сау болыңыздар!